

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 5 сәуірдегі N 414 және 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1480 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 мамырдағы N 427 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.18. N 246 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының су қоймаларындағы балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 сәуірдегі N 414 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 12, 140-құжат): тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесін бекіту туралы";

"Қазақстан Республикасының су қоймаларындағы балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр)" деген сөздер "Қоса беріліп отырған Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесі бекітілсін" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының су қоймаларындағы балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі е р е ж е д е :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесі "

м ә т і н д е :

"балық қорғау органдары", "балық қорғау органдарының", "балық қорғау органдарымен", "балық қорын қорғау органдарының", "балық қорғау" деген сөздер "арнайы уәкілетті органдар", "арнайы уәкілетті органдардың", "арнайы уәкілетті органдармен", "арнайы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 - т а р м а қ т а :

"бақылау" деген сөздің алдынан "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;
"балық аулау ережелерін" деген сөздер "Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа да су жәндіктерін аулау ережесін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"балық қорғау органдары" деген сөздер "балық ресурстарын және басқа да су жәндіктерін қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті органдар (бұдан әрі - арнайы уәкілетті орган) деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа да су жәндіктерін аулау ережесін арнайы уәкілетті орган тиісті ғылыми ұйымдардың ұсынымдары мен табиғат пайдаланушылардың (занды және жеке тұлғалардың) ұсыныстары н е г і з і н д е ә з і р л е й д і " ;

4 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушы өкімет органдарының көрсетілген шешімдері конкурстық (тендер) комиссияның шешімі негізінде қабылданады. Табиғат пайдаланушылар арасында балықтар мен басқа да су жәндіктерін аулау лимиттері мен квоталарын бөлу жөніндегі шешімдерді арнайы уәкілетті орган конкурстық (тендер) комиссия шешімінің негізінде қабылдайды";

7 - т а р м а қ т а :

"Ғылыми-зерттеу мекемелері" деген сөздер "Ғылыми ұйымдар" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"келісім бойынша" деген сөздерден кейін "заңнамада белгіленген тәртіппен" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

8-тармақтағы "Балық аулау мен балық қорларын қорғаудың белгіленген ережесін, сондай-ақ су пайдалану ережесін сақтай отырып, қорықтардан, балық питомниктерінен, тоған және басқа қолдан өсірілетін балық шаруашылықтарынан басқа" деген сөздер "Табиғат қорғау заңнамасы мен осы Ереженің талаптарын сақтай отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

13 - т а р м а қ т а :

"тыйым салынуы және шек қойылуы" деген сөздер "шаралар мен шек қойылуы" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бірінші абзацтағы "тыйым салу" деген сөздер "шаралар" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

14-тармақтағы "тыйым салынады" деген сөздер "рұқсат етілмейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтағы "бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар" деген сөздерден кейін "меншік нысанына қарамастан, табиғат пайдаланушылар" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақтың а) тармақшасында: "мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, колхоздардың, кооперативтердің және басқа да шаруашылық жүргізуші ұйымдардың лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жекелеген азаматтардан" деген сөздер "меншік нысанына қарамастан, табиғат пайдаланушылардың лауазымды адамдарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мен балық аулау тәртібін" деген сөздер "Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа да су жәндіктерін аулау ережесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасында балық және басқа су жануарларын аулау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1480 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 49, 479 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында балық және басқа су жануарларын аулау Ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа су жануарларын аулау ережесімен орталық және жергілікті атқарушы органдардың, балық қорларын және басқа су жануарларын қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік басқару органдарының (бұдан әрі - арнайы уәкілетті орган) және табиғат пайдаланушылардың (занды және жеке тұлғалардың) қатынастары реттеледі.";

3-тармақтағы және 7-тармақтың бесінші абзацындағы "Экология және биоресурстар министрлігі", "Экология және биоресурстар министрлігінің" деген сөздер тиісінше "Ауыл шаруашылығы министрлігі", "Ауыл шаруашылығы министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "биоресурстарын" деген сөздер "балық қорларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта бірінші абзацтағы "конкурстық (тендерлік) негізде" деген сөздердің алдынан "облыстық атқарушы өкімет органы" деген сөздермен толықтырылсын;

"меншік нысанына қарамастан балық және теңіз аңдарын кәсіпшілік аулауға мамандандырылған ұйымдар басым түрде" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: "Табиғат пайдаланушылар арасында лимиттер мен квоталарды бөлуді конкурстық (тендер) комиссия

шешімінің негізінде арнайы уәкілетті орган жүргізеді";

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Арнайы уәкілетті орган конкурстық (тендер) комиссия шешімінің негізінде балық ресурстарын және басқа су жануарларын пайдалануға және су айдындарын (телімдерін) бекітіп беруге шарттар жасасады, балық аулауға және басқа су жануарларын аулауға рұқсат береді.";

Екі және одан да көп облыстардың аумағында орналасқан су айдындары бойынша конкурстық (тендер) комиссияның төрағасы арнайы уәкілетті органның өкілі болып табылады";

6-тармақ "атқарушы органдар мен" деген сөздерден кейін "облыстық" деген сөзбен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

7 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 сәуірдегі N 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының су қоймаларындағы балық қорларын қорғау мен балық аулауды реттеу туралы Ережемен тыйым салынған" деген сөздер "Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесімен рұқсат етілмеген" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н " ;

үшінші абзацтағы "тыйым салынады" деген сөздер "рұқсат етілмейді" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескерту. Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ тыйым салынған су айдындарында (телімдерінде) су көлігінің қозғалыс тәртібін арнайы уәкілетті орган белгілейді";

8-тармақтың он үшінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының балық қорларын қорғау мен су қоймаларындағы балық аулауды ретке келтіру туралы Ережені" деген сөздер "Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесін" деген сөздермен ауыстырылсын";

9 - т а р м а қ т а :

екінші, алтыншы, сегізінші, тоғызыншы абзацтардағы және б) тармақшасының үшінші абзацындағы "ғылыми-зерттеу" деген сөздер "ғылыми" деген сөзбен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

а) тармақшасындағы "биологиялық негіздеуіне" деген сөздерден кейін "және қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық сараптамасына" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

10-тармақтағы "ғылыми ұйымдардың ұсынымы, мемлекеттік балық шаруашылығы басқармасы республикалық органының ұсынысы және мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы негізінде арнайы

өкілетті органдардың" деген сөздер "ғылыми ұйымдардың ұсынымдары және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы негізінде балық ресурстарын және басқа су жануарларын қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК